

**Мұқағали Мақатаевтың 90 жылдығына арналған «Поэзия!
менімен егіз бе едің?» облыстық онлайн бейне поэзия қашықтық
интернет сайысының өткізу ережесі**

1. Жалпы ережелер

1.1 Бұл ереже «Поэзия! менімен егіз бе едің?» облыстық бейне-поэзия қашықтық сайысының ұйымдастыру, өткізу, қорытындылау және жеңімпаздарды марапаттау тәртібін анықтайды.

Сайыс Павлодар облысының білім беру мекемелері арасында өткізіледі.

1.2 Сайыстың мақсаты

Облыстық жалпы білім беретін мекеме оқушылары арасында Мұқағали Мақатаевтың шығармаларын насихаттау, әлеуеттерін кеңейту, олардың шығармашылық қабілеттерін анықтау.

1.3 Сайыстың міндеттері

- Мектеп оқушыларының шығармашылық қабілеттерін, эстетикалық талғамдарын, тума талант, табиғи дарындарын анықтау;
- білім алушылардың мәнерлеп оқу дағдыларын, әртістік біліктерін қалыптастыру;
- балалардың арасында ақындар мен мәнерлеп оқу дағдыларын қалыптастырған оқушыларды анықтау, олардың өзін танытуы үшін жағдай жасау.

1.4 Сайыс ұйымдастырушылары

Павлодар облысы Білім беру басқармасы, М.М. Катаевтың атындағы Оқушылар сарайы.

1.5 Сайысқа қатысушылар

Сайысқа облыстық жалпы орта және балаларға қосымша білім беру ұйымдарының **10-18 жас аралығындағы** оқушылары қатыса алады.

2. Сайысты өткізу мерзімі және тәртібі

2.1 Сайыс 2021 жылғы 1 қаңтардан – 9 ақпан аралығында қашықтықтан өткізіледі. Сайыс жұмыстары dvores225kab@mail.ru электронды поштасына **2021 жылғы 5 ақпанға дейін** қабылданады.

2021 жылғы 5 ақпаннан кейін түскен, сондай-ақ, талаптарға сәйкес келмейтін сайыс материалдары қарастырылмайды.

Сайыстың қорытындысы www.dshk.kz сайтында жарияланады,

жеңімпаздардың дипломдары, қатысушылардың сертификаттары **2021 жылы 9 ақпан күні өтініште көрсетілген электрондық поштаға жіберіледі.**

2.2 Сайысқа қатысу үшін dvores225kab@mail.ru электронды поштасына келесі құжаттарды жіберу қажет:

- 1) 1-қосымшаға сәйкес өтімінді;
- 2) <https://www.youtube.com> каналында бейнематериалға сілтеме немесе сайыс жұмысыбейне форматта

2.3 Анықтама телефондары: 8 (747)-528-29-44 Жақсыбек Махаматкулович

2.4 Сайысқа ұсынылған жұмыстар қайтарылмайды. Сайысты ұйымдастырушылар авторға сілтеме жасай отырып, сайыс материалдарын БАҚ құралдарына жариялауға құқылы.

2.5 Сайыс жұмысындағы ақпараттардың шынайылығына жіберуші тарапқа толық жауапкершілік жүктеледі.

3. Сайыс қатысушыларына қойылатын талаптар

3.1 Сайысқа жалпы орта, қосымша жәнекәсіптік білім беру ұйымдарының 10-18 жастағы білім алушылары қатысады.

- 3) кіші жас санаты: 10-12 жас;
- 4) орта жас санаты: 13-15 жас;
- 5) жоғарғы жас санаты: 16-18 жас.

3.2 Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі.

- **«Мүзбалақ ақынға»** атты жас ақындар номинациясы;

Оқушылар арасындағы сұлу сөзді серік еткен жас ақындар байқауы. Номинацияда қатысушы ақынның болмысы, шығармашылығы, өмірі жайында авторлық өлеңдерін бейне поэзия ретінде ұсынады. Әділ қазы алқалары қорытынды шығарарда авторлық өлеңдердің стилистикалық байланысына, логикалық құрылымына, ұйқас ерекшелігіне басты назар аударады. Видео ұзақтығы 5 минуттан аспауы тиіс.

- **«... Қасиетіңнен қара өлең, айналайын»** атты көркем сөз номинациясы;

М. Мақатаевтың шығармашылығынан бір өлеңді мәнерлеп оқу. Конкурса қатысушы ақынның бір өлеңін таңдап, видео нұсқада жолдайды. Әділ қазы алқалары қорытынды шығарарда оқушының мәнерлеп оқу шеберлігіне, дикциясына, дауыс бояуына, әртістік қабілетіне ерекше мән береді. Оқушы ақынның кез-келген шығармашылығынан таңдай алады. Видео ұзақтығы 5 минуттан аспауы тиіс;

3.3 Сайысқа <http://www.youtube.com> каналында орналастырылған бейнематериалға сілтеме немесе mp4 форматындағы бейнебаян қабылданады.

3.4 Бөгде адамдардың материалдарын және Интернет желісінен алынған материалдарды пайдалануға тыйым салынады. Сайыс жұмыстары бұрын басқа сайтта жарияланбаған болуы тиіс.

4. Сайысты қорытындылау

4.1 Сайыстың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

4.2 Сайыс жеңімпаздары I, II, III дәрежелердегі дипломдармен марапатталады, орын алмаған қатысушыларға сертификаттар, жеңімпаздардың жетекшілеріне алғыс хаттар беріледі.

4.3 Сайыс жұмыстары dvores225kab@mail.ru электронды поштасына 2021 жылғы 5 ақпанға дейін қабылданады.

2021 жылғы 5 ақпаннан кейін түскен, сондай-ақ, талаптарға сәйкес келмейтін сайыс материалдары қарастырылмайды.

Сайыстың қорытындысы www.dshk.kz сайтында жарияланады, жеңімпаздардың дипломдары, қатысушылардың сертификаттары 2021 жылғы 15 мамырға дейін өтініште көрсетілген электрондық поштаға жіберіледі.

Сайыстың үйлестірушісі: М.М.Катаев атындағы Оқушылар сарайы әдіскері
Ешімқұлов Жақсыбек Махаматқұлович
Анықтама телефондары: 8 (747)-528-29-44

1 қосымша

Өтінімнің формасы:

ӨТІНІМ

Мұқағали Мақатаевтың 90 жылдығына арналған «Поэзия! менімен егіз бе едің?» облыстық онлайн бейне поэзия қашықтық интернет сайысына қатысуға өтінім

№	қала/аудан	Білім беру мекемесінің атауы	Оқушының толық аты-жөні	Жасы	Жетекшісінің толық аты-жөні	Байланыс нөмері және электрондық пошта